

Жалпы білім беретін № 2 Ж.Нәжімеденов атындағы орта мектеп бойынша қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама № 1

25.08.2020

Қатысқандар:

1. Мектеп әкімшілігі
2. Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Көмек қажет ететін отбасыларға қаржылай және материалдық көмек беру туралы

Тыңдалды:

Ж.К. Кулбатырова – мектеп директоры

Мектеп басшысы сөз алып білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын жандандырып, әсіресе көмек қажет ететін отбасыларға көмек көрсету жұмысын талапқа сай орындалуын тапсырды.

Тыңдалды: Сериков Ербол тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қайырлы күн құрметті әріптестер, ата-аналар! Сіздерді 2020-2021 оқу жылында сәттілік тілей отырып алдағы атқарылатын көптеген мәселелерді атқаруға қамқоршылық кеңестің маңызы аса зор екенін айта кеткен жөн. Бүгінгі кеңес отырысымыз биылғы індетке байланысты көрсетілетін көмек, қаражат жөнінде болмақ. Осыған орай нағыз қажет ететін отбасылардың тізімін зерделеп, жітік тексеруге шақырамын.

Тыңдалды. Мектептің әлеуметтік педагогі Тулекова Ардақ – Сәлеметсіздерме құрметті әріптестер. Әрбір оқу жылында әдеттегідей көмек қажет ететін отбасыларға көмек көрсету басты мәселе. Биылғы оқу жылында, 2008 жылдың 25 қаңтарындағы 64 қаулыға сәйкес құжаттар жинақталып жатыр. Яғни, көп балалы, атаулы көмек алатын, азқамтылған, жартылай жетім, толық емес отбасы, жалғыз басты ана. Қазіргі уақытқа дейін мектебімізге 34 отбасы бойынша 72 оқушының құжат тапсырылып отыр.

Тыңдалды: Мектепшілік қамқоршылық кеңесінің төрайымы Алимжанова Р – мектебіміздегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек көрсету, қолдау жасау игі істердің бірі болып табылады. Биылғы оқу жылында осы үрдісті қолдап, қадағалап бар күш жігерімізді жұмсауға тырысамыз. Біздерге артылып отырған міндет, жауапкершілік өте жоғары. Сол сенімді ақтау үшін барлығымыз ұйымшылдықпен ат салысайық деп сөзін аяқтады.

Қаулы етілді:

1. Ата-аналармен мектеп арасындағы байланысты нығайту
2. Барлық көмек қажет ететін отбасыларды қамту, тіркеу.

Төрайымы: Алимжанова Р
Хатшы: Ещанова Э

3 қыркүйек 2020 жыл

Атырау қаласы

Қатысқандар:

№2 орта мектеп

- Мектеп әкімшілігі
- Әрбір сыныптың ата-аналар комитеті төрайымдары (төраға), мүшелері

Күн тәртібінде:

Қамқоршылық кеңестің ережелерімен таныстыру – мектеп директоры Кулбатырова Ж.К

Тыңдалды:

Кулбатырова Ж.К – мектеп директоры

Мектеп басшысы сөз алып білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын таныстырды.

Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, қурыстан сол білім беру ұйымдарының білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
- қайырымдылық жасаушылар (бар болса);

Қағидалар «Білім туралы» 2007 жылы 29-шы шілдедегі ҚР заңының 44-бабының 9-шы тармағына сай әзірленген білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайтына тоқталды.

Степанова А - ата-ана

Қамқоршылық кеңесінің құрылуы жаңа бастама деп ойлаймын. Мектебіміздегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек көрсету, қолдау жасау игі істердің бірі болып табылады. Мектепте өтіп жатқан әртүрлі тәрбиелік шараларға балаларымыз үшін қолдау көрсету де бір ерен еңбектің бірі. Мектептегі әртүрлі шараларды көріп қолдау көрсетіп жүрген мектебіміздің ата - аналар комитетінің төрайымы Алимжанова Райгүл апайды бір ауыздан осы қамқоршылық кеңесінің төрайымы етіп сайласақ деген ұсынысым бар.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің құрамы сайланып, төрайымы бекітілді.

Алимжанова Р – қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Степанова А – төрайым орынбасары

Сидоренко Л – мүшесі

Сағынтаева А.С – мүшесі

Тен И.А – мүшесі

Усова В.Н – мүшесі

Насырова Г – мүшесі

Ковалева О.Н – мүшесі

Ещанова Э – мүшесі

Сөз сөйлегендер:

Алимжанова Р – қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Алдағы уақытты кеңестің жұмысының жандануын қолға алу, бюджетті қалыптастыру бағытында демеушілерді іздейтінін, түскен қаржының мақсатты жұмсалуды қадағалауға әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек ұйымдастыруды жалғастыру туралы ойларын ортаға салды.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңестің іс-шара жұмысы жасакталып, бекітілсін.
3. Қамқоршылық кеңесінің қабылданған шешімдері (хаттамалары, фото суреттер) мектеп сайтында орналастырылсын.

«Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» бойынша алқалы кеңес отырысының

Хаттамасы №3

Өткен орны:
Мұғалімдер бөлмесі

Өткізілген күні: 26.09.2020ж

Қатысқандар: Жалпы білім беретін №2 Ж.Нәжімеденов атындағы орта мектебінің «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» бойынша комиссия мүшелері:

1. Кулбатырова Ж.К - мектеп директоры,
2. Буранкулова Г.А - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мүше
3. Алимжанова Р - «Қамқоршылық» кеңесінің төрайымы
4. Тулсқова А.Г - әлеуметтік педагог, мүше
5. Серикова Ф - бас есепшісі, мүше

Күн тәртібінде

1. Мектебіміздің әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасы оқушыларын анықтау; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 қаулысына қосымша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жап басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары» туралы қаулыны басшылыққа алу;

Төтенше жағдай уақытында жұмыссыз қалған ата-аналардың отбасы жағдайын ескеру.

Сөйлеушілер:

Кулбатырова Ж.К - мектеп директоры: Жыл сайын мектеп оқушыларына жалпыға міндетті оқу қорынан қаржы бөлініп отырады. Мектеп жапынан комиссия құру арқылы оқушылардың статусына қарай, қажетті жағдайларға сұраныстар беріліп, тиісінен қамтамасыз етіледі. № 64 қаулыға сәйкес үкімет тарапынан көмекке мұқтаж отбасылармен қатар, елімізде пандемия жарияланып, төтенше жағдай уақытында жұмыссыз қалған ата-аналардың да отбасы жағдайын ескеріп, соның ішінде көмекті қажет ететін отбасыларға өтініш негізінде қажеттілікке қарай көмек беруіміз керек деп есептеймін.

Тулекова А.Г-әлеуметтік педагог: Қазіргі таңда 72 ата-ана құжат тапсырып отыр, соның ішінде пандемия кезінде уақытша жұмыссыз қалған және жұмыстан қысқартылған ата-аналар өтініштері қабылданды. Биылғы оқу жылында 11 отбасы (18 балаға) АӘЖ алады екен. Барлығы әлеуметтік көмекке мүқтаж 119 оқушы құжаттары жинақталды. Тағы да келін түскен құжаттар тексеріліп, қосымша тізімдер жасақталуда. Қаражаттан бөлек, мектеп тарапынан ата-аналардың өтініштері негізінде 87 отбасыға келісімшарт жасақталып, компьютер берілді.

Демеушілер тарапынан аз қамтылған отбасылардың екі оқушысына қалалық білім беру бөлімінен қаржылай көмек көрсетіліп, тағы ерекше білімді қажет ететін (бес) 5 оқушы тізімі жіберілді.

Алимжанова Р- «Қамқоршылық» кеңесінің төрайымы: Мектебімізегі аталған санаттағы оқушылардың құжаттары таланқа сай жасақталып, уақытылы есебін беріп отыру керек және «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» бойынша берілетін көмектен тыс қалмауы қажет. Барлығы заң шеңберінен аспауы керек.

Шешім:

1. Аталған әлеуметтік көмек алатын 72 отбасының 119 оқушы тізімі жасақталып, бекітілсін. Тізім жалғансын. (қосымша №1)
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 қаулысына қосымша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сай, осы санаттағы оқушылардың құжаттары таланқа сай жиналып, әр оқушыға 35 000 (отыз бес мың) теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілсін.

Комитеттің төрайымы



Ж

Тулекова

Буранкулова

Серикова

Алимжанова

Кулбатырова Ж.К

Тулекова А.Г

Буранкулова Г.А

Серикова Ф

Алимжанова Р

18 желтоқсан 2020 жыл

Атырау қаласы

Қатысқандар:

- Мектеп әкімшілігі
- Кеңес мүшелері

№2 орта мектеп

Күн тәртібінде:

1. Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және әлеуметтік қорғау тұлғаның қоғамдағы өмір сүруін қадағалау
2. Ерекше білімді қажет ететін үйден оқитын оқушыларға Жана жыл мерекесімен құттықтау

Тыңдалды: Сериков Ербол - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қайырлы күн құрметті әріптестер, ата-аналар! Бүгінгі кеңес отырысымыз биылғы індетке байланысты көрсетілетін көмек, қаражат жөнінде болмақ. Осыған орай нағыз қажет ететін отбасылардың тізімін зерделеп, жітік тексеруге шақырамын. Сонымен қатар кеңес мүшелеріне аталған тізімді ұсынамын.

Алимжанова Р – қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Алдағы уақытты кеңестің жұмысының жандануын қолға алу әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек ұйымдастыруды жалғастыру туралы ойларын ортаға салды.

Степанова А - төрайым орынбасары

Мектебіміздегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек көрсету, қолдау жасау игі істердің бірі болып табылады. Мектепте өтіп жатқан әртүрлі тәрбиелік шараларға балаларымыз үшін қолдау көрсету де бір ерен еңбектің бірі.

Қаулы:

1. Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және әлеуметтік қорғау, тұлғаның қоғамдағы өмір сүруін қадағалау жұмыстары жалғасын тапсын;
2. Ақция кезінде мүмкіндігі шектеулі (үйде оқытылатын) қамқорлыққа алынған, аз қамтылған отбасының балаларына көмек көрсетілсін.

Алимжанова Р –  қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Бағытова А.Е -  хатшы

Степанова А – төрайым орынбасары

Сидоренко Л – мүшесі

Сағынтаева А.С – мүшесі

Теп И.А – мүшесі

Усова В.Н – мүшесі

Насырова Г – мүшесі

Ковалева О.Н – мүшесі

Ешанова Э – мүшесі



№ 2 Ж.Нәжімеденов атындағы орта мектептің «Қамқоршылық кеңес»
отырысының

ХАТТАМАСЫ №1

Өтілген күні: 04.09.21 ж.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру
2. «Қамқоршылық кеңестің» мүшелерін сайлау
1. Тыңдалды: 1-мәселе
2. а) Сөйледі:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры Ж.К.Кулбатырова сөз алып, жиналысқа қатысушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 22.12.2016 жылғы №715 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережемен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

1. Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.
2. Жалпы білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көбейту.
3. Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.
4. Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау.
5. Мектептің білім берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту.
6. ҚМ берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру.
7. Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру.
8. Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Мектеп директоры қамқоршылық кеңестің қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлері мен тәртібіне, Қамқоршылық

кеңесінің құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына , сонымен қатар кеңестің құрамына тоқталып өтті.

1. Тыңдалды: 2-мәселе
2. ә) Сөйледі:

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша сөз алған ата-аналар комитетінің төрайымы Р.Алимжанова Қамқоршылық кеңес құрамына кімдер ену керектігіне, олардың функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті.

Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен төмендегі тұлғалар Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға ұсынылды.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Р.Алимжанова

Қамқоршылық кеңес төрайымының орынбасары: Э.Ещанова


Хатшы: Г.Насырова

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Р.Алимжанова
2. Э.Ещанова
3. Г.Насырова
4. К.Садыкова
5. Н.Есенова

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес Ж.К.Кулбатырова атындағы орта мектебінде құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес құрамын ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Р.Алимжанова

Хатшы:  Э.Ещанова

Жалпы білім беретін №2 Ж.Нәжімеденов атындағы орта мектеп КММ

Хаттама №2

10.12.2021

**Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан
шыққан балаларды санаттары бойынша топтау**

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар қатарындағы алты жастан он сегіз жасқа дейін орта білім беру ұйымдарында оқитын балаларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылдың 30 желтоқсандағы №1032 қаулысымен түрлері мен көлемдері бекітілген кепілдендірілген әлеуметтік топтамалар берілуін туралы бұйрығына сәйкес. Биылғы оқу жылы қарсаңында 11 оқушыға міндетті топтама беріледі. Бұл жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаражатқа алынған болатын.

Қамқоршы және қорғаншылықтағы бала саны: 3

Көп балалы саны: 39 (көп балалы отбасылар саны: 16)

Аз қамтылған бала саны: 10 (аз қамтылған отбасылар саны: 6)

Толық емес бала саны: 10 (толық емес отбасылар саны: 8)

Атаулы әлеуметтік көмек алатын бала саны: 11 (атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар саны: 6)

Әлеуметтік педагог: Қ.Ф.Шалтан